

"Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 17 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 240 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 202 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.04.2023 № 202 Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 17 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 29-30, 186-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

5-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының Президенті алдында Ұлттық комиссияның жұмысы туралы жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей есеп береді.";

5) тармақша алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ұлттық комиссияның жұмысы қажеттігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір реттен сиретпей Комиссияның төрағасы айқындайтын мерзімдерде отырыстар өткізу арқылы жүзеге асырылады.".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ